

THE UNIVERSITY OF THE SOUTH PACIFIC
SCHOOL OF DISTANCE EDUCATION
SUVA, FIJI

WORLDWIDE



Ханкелді ӘБЖАНОВ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСЫ

Казак руханиятының жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың таланты мен мұрасы сан қырлы. Ол ұлт тарихын, оның іргелі оқиғалары мен тұлғаларын зерделей ұлықтауға, өткеннің тәжірибесі мен тағылымын қоғамдық санада ұялатуға мол олжа салған ой иесі. Шығармаларында кемесі Қазығұртта қалған Нұқ пайғамбардан, сақтардан соққы жеген Ескендір Зұлқарнайыннан XX ғасыр Гомері атанған Жамбылға дейінгі аралықтағы үдерістер мен өзгерістер әдеби-көркем, тіпті тарихи-философиялық тұрғыдан суреттеліп, әрісі – түркі, берісі қазақ қоғамының ілгерілеуі мен іркілісі, халықтың басынан өткен қайғысы мен қуанышы поэзия шыңынан баяндалған. Теңіздің дәмін бір тамшысынан-ақ білуге болатыны тәрізді, М. Жұмабаевтың тарихи көзқарасын шағын өлеңдерінен де байқау қиын емес. Дегенмен, тап осы мәселеде ақынның тарихқа көзқарасы көлемді шығармаларында жан-жақты көрініс тапты. Әсіресе, «Қорқыт», «Батыр Баян» поэмаларының маңызы ерекше.

Бұл поэмаларды жазғанда жасы 30-ға да толмаған еді. 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі ресми тарихнамада патшалар, корольдер, императорлар тарихтың иесі ретінде насихатталса, большевиктік билік тұсында ол орынға жұмысшы табы, қаналғандар қондырылды. Жүйелік және идеологиялық төңкерістің мәнін біле тұра, М. Жұмабаев тыңға түрен салды. Егер шежіреде, ауызша тарихта, Алаш зиялыларының еңбектерінде тарих үдерісін барша әлеуметтік қауымның әрекетімен ашуға басымдық берілсе, енді акторлардың, яғни қатысушылардың қатарын басқаша түзді. Әр заманғы билеушіні лайықты бағалаған, азап шегіп жаншылғандарға аяушылық танытқан ол тарихтың басты

кейіпкеріне айрықша қабілеті бар адамдарды, тұлғаларды, жасампаз қайраткерлерді жатқызды.

Әлемді оймен игеру ешқашан оңайға соқпағанмен, адамзат өркениетінің алғашқы ошақтары Тұран мен Алтай, Сыр мен Еділ-Жайық екенін даланың ауызша тарихнамасынан жастай зердесіне сіңіріп өскен, кейінде гуманитарлық зерттеулердегі пайым-тұжырымдарға сүйенген ақын туған елінің тау-тасын, өзен-көлін, ұшқан құсын, жүгірген аңын өмірінің соңына дейін бабалар сөзінің патшасы һәм сарасы өлеңмен өрнектеді. Табиғаттың көркі – адам, адамның көркі – табиғат деген ой қазақ фольклорынан белгілі. Табиғатпен тілдесе есейген кемел жан прогресс атаулының қозғаушысы екені тарихи поэзиясының өзегінде тұр. «Қорқыт» поэмасының:

«Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,

Алтайға бетегедей алтын біткен.

Бейіштей алтын Алтай етегінде,

Ертеде Алаш елі мекен еткен», – деп басталатын алғашқы шумағында қазақ этногенезі мен этникалық аумағына, шаруашылығы мен сакралды географиясына, мемлекеттілігі мен оның жарасым-тұрақтылығына анықтамадай бағыт-бағдар тұрған жоқ па?!

Табиғатты адамнан, адамды табиғаттан бөле-жара карамау, Ұлы дала елін 18 мың ғаламның ажырағысыз бөлшегіндей қабылдау тарихи көзқарасына кешендік пен тұтастық берді. Тіпті өзін де табиғаттың белсенді күштерімен, күш-қуаты тасыған түрлі құбылыстарымен қатар қояды. Бірде жалынмын, тұлпармын десе, келесіде одан да ірі теңеулерді қолданады:

«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте бұлт, жерде желмін илеген,

Жер еркесі желдің жөнін кім сұрар?»

Менмендікпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын өршіл рух Алтай мен Алатаудың, Тұран мен Атыраудың өткені мен бүгінгі өзіне ғана тән жалғастықтан, сабақтастықтан ешқашан айрылмағанын ұғынуға бөгесін болған жоқ. Хронологиялық ауқымы көне дәуір мен орта ғасырларды, жаңа заман мен кеңестік жылдарды қамтып жатқан шығармаларынан тұтастық пен әр алуандылықтың қисынды бірлігін қапысыз танимыз. Бұл да тарихи көзқарастың ақынға ғана тән ерекшелігін, терең әрі бекем қалыптасқанын айғақтайды.

Әр дәуірге берген сипаттамасынан да тарихқа жүйріктігі көрінеді. Мәселен, Қорқыттың заманы бейіштей, ертегідей, ал адамдары – нағыз еркін жандар.

«Өткен күн ертегімен таласқандай,

Уа дүние, ол күндерде Алаш қандай?!

Ой-қырдан орғып-қарғып еріккенде,

Алтайда ойнақ салып жүрген аңдай», – деп шаттанады ақын.

«Түркістан» өлеңінде бүкіл түркі әлемінің, оның қарашаңырағын ұстап қалған қазақ елінің даму кезеңдері мен әйгілі билеушілері шынайы білімпаздықпен тиянақталады. Тұран ежелден-ақ Алаш жері, онда қазақ хандық құрғанын, Ата заңдарын қабылдағанын жырға қосады. Егер Ә. Бөкейхан қазақ қоғамын алға бастырудың кілті Батыста десе, М. Жұмабаев «Пайғамбар» атты өлеңінде кемел келешектің кепілі деп Ғұндар заманынан жаһанға жарық пен жылу төгіп келе жатқан Шығысты атады.

1923-ші жылдың басында «Шолпан» журналында жарияланған «Батыр Баян» поэмасының бастапқы жолынан-ақ ел тарихының мүлде басқаша дәуіріне қадам басқанымызды байқата алды. Ел мен ердің басына апат төнгені, заманның тынысы тарылғаны ашық айтылды. Біздің ойымызша, бұл ескерту Ш. Уәлиханов «жантүршігерлік», «қанды қырғын», «жаугершілік» деп атаған XVIII ғасырға ғана қаратылып тұрған жоқ. Әңгіме – тоталитарлық қыспақтың бел алғанында, шығармашылық еркіндік адыра қалғанда, болашақтың бұлыңғыр тартқанында. Осының бәрін автор жүрегіне жақын қабылдайды:

«Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,

Сұм өмір абақты ғой саналыға.

Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,

Сондықтан жаным күйіп жанады да».

Табиғатқа, Ұлы далаға сүйіспеншілігін жауһардай жырларымен жеткізген ол ұлттық тарихты көзсіз әспеттеуге ұрынбайды. Тарихтың қадір-қасиетін елінің азаттығымен, азаматтардың егемендігімен бағалайды. Азаттықтың ақ таңы ататынынан үмітін үзбегенмен болашақты болжағаннан бұрын тарих тағылымын тиянақтауға басымдық береді, заманауи талап үдесінен шығу жолын іздейді, содан ләззат табады:

«Қу өмір, қызығы жоқ қажытқан соң,

Толғанып қарауым сол баяғыға.

Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар,

Әдемі ертегідей баяғыда.

Әдемі өткенді ойлап, айнымасам,

Сұм өмір күшті уын аяды ма?»

Қалай болғанда да, М. Жұмабаевтың тарихты қозғай отырып, болашақты дәл болжай алғанын, әсіресе, дәстүрлі қоғамды жақтауын, отарлауға қарсылығын, тоталитарлық өктемдікті қабылдамауын М. Булгаковтың «Собачье сердце» саяси сатирасындағы идеялардан асып түспесе, бір мысқал кем соқпайтын саяси-суреткерлік көрегендік деп бағалауымыз

керек.

М. Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында М. Жұмабаев шығармашылығын сыршылдық романтизмге жатқызғаны белгілі. Тарихи көзқарасына байланыстыра айтсақ, оған оптимизм тән. Өйткені, тарихты рухы, интеллектуалды әлеуеті күштілер жасайтынына сенді. Тарихтың көшін Қорқыттың, батыр Баянның балалары ілгерілетуі міндетті емес, оларды ауызға да алмайды, тұлғалардан мұраға қалған үлгіні, өнегені, жолды, тәжірибені қымбат санады. Қысқасы, тарихтың заңдылықтарын, базисі мен қозғаушы күштерін, өзара ықпалдастығын арнайы індетіп зерттемесе де, тарихи үдерістің мазмұны мен нәтижесін анықтайтын себеп ретінде екі факторға басымдық берді: бірі – тұлғаға, оның интеллектуалды қабілет-қарымына, екіншісі – билікке немесе билеушіге, солардың сынаққа сай биіктен көріне алатын әлеуетіне.

Осынау ұстанымдары тарихи тақырыпқа қатысты шығармаларында әрқилы көрініс береді. «Қорқытта» абыздың басынан өткен оқиғалар биліктің, мемлекеттің араласуынсыз айтылады. Құдайдың күдіретін ауызға алмауы аңыз ислам діні Ұлы далаға келгенге дейін пайда болды деген ойға шылбыр ұстатады. Мақсат-мұраты жоқ, байлары мал баққанға, батырлары ел шапқанға, ішкені мен жегеніне мәз ортада тарих шығыршығы айналмайтынын әшкерелеп, мелшиген, меңірейген қоғамға түбірлі өзгерістерді ажалдан қашқан, дұрысы – мәңгілік өмір іздеген, «жартаппай жаны бірге «мәңгі» ең ұрған Қорқыт әкелді дейді.

Демек, тарихтағы алғашқы қозғалыс, қоршаған ортаны игеру, қоғам мен табиғаттағы үйлесім адамнан, адамның кемелденуінен, сезім, ес, санадан бастау алады. Интеллектуалды ізденіспен дүниеге келген қобыз, қобыздың сарыны, Қорқыттың зары, ойлы ұрпақтың сапқа тұруы – бәрі тыныштығынан арпалысы басым, бірде сайран, бірде ойран мына дүние, өткені мен келешегі адамға, сананың жасампаздығына тәуелді деген тарихи пайым-тұжырымын М. Жұмабаев поэманың ең соңғы шумағына былайша сыйғызған:

«Өмірде арманым жоқ Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сұм өмірде сарнай-зарлай,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем!...».

Бұл күйректік емес. Күресе білуді, шығармашылықты, жасампаздықты асқақтату. Бәріне Қорқыт түрткі болды. Тұтастай алғанда, тарихқа антропоцентризм позициясы тұрғысынан келді. Әрине, оны этникалық, елдік мүдделермен, табиғат үйлесімімен ұштастарды.

«Қорқыт» поэмасында есімдері аталмаған адамдар көп. Мұнда сақтар мен байырғы түркілер заманы түгілі «Дәдем Қорқыттан» белгілі кейіпкерлер ауызға алынбаған. Есесіне шытырман оқиғалар, үміт пен күдік, интеллектуалды ізденіске толы жанталас, қаһарманның жасампаз

қайраткерлігі, ізашар шығармашылығы адамдардың да, табиғаттың да мүмкіншілігін молайтып, тарихын өрге сүйрейді.

Қорқыттың қазақ топырағында дүниеге келгенін меңзей отырып, ол бүкіл түркі әлеміне ортақ тұлға екенін бірінші орынға қояды. Ақын жолдарымен айтсақ:

«Сол күнде бір ер бопты алты алашта!

Қаны бір қалың елмен, жаны – басқа...

Қорқыт деп қойған екен ердің атын,

Оңған ел ер деп атар азаматын».

Тарихи көзқарасы мейлінше терең ашылған «Батыр Баян», «Түркістан» шығармаларында табиғат, мемлекет, билік, билеуші, ішкі-сыртқы саясат, халықаралық қатынастар, азаттық сынды іргелі-іргелі құндылықтар эволюциялық және динамикалық күйде суреттеледі. Екеуінің де композициялық құрылымы тарихшыларды ойлантуы керек. «Түркістанда» осынау аумақты екі дүние есігі, ер түріктін бесігі деп ұлықтап, оның отты желдей тарихын шөлімен, көлімен, өзендерімен, тауымен, құмымен тығыз бірлікте қозғайды. «Батыр Баянда» жалғыз қаламына ғана сырын төгетінін ескертіп алғанан соң, Сарыарқаны, Көкшетау мен Бөлектауды, Бурабайды, оның көлі мен ағаштарын, аң-құсын бірде аспандағы айға, бірде «арудың ақпен өрген» тұлымына, жер мен көктің еркесіне теңейді. Бұл кездейсоқтық емес. Тұлғаны тарихтың қозғаушы күші санаған автор тарихтың тұғырына, яғни базисіне жерді алып отыр.

Тарихтағы жердің рөлі байтақ зерттеуді талап етеді. Қайткенде де адам жарық дүниеге жер бетінде келді. Жер адамнан әлдеқайда бұрын жаратылды. Өмір үшін қажетті алғышарттар – ауа, су, жылу мен жарық, т.б.с.с. түзілген соң дүниеге адам келді. Содан бері де адам мен жер біртұтас. Өмір сүрген ортасының табиғаты, климаты, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі азық-түлігін, еңбек құралын, бөлінісін, яғни адамның есеюін анықтады. Адамды адам қылған жер, жерді гүлдендіретін де, қу тақырға айналдыратын да адам. Құранның «Әл-Исра» сүресіндегі 37, 38, 39 аяттары шегелеген талап: «Жер бетін басып жүргеніңде кеуде керіп асқақтама. Өйткені, (қара) жерді де тесіп жібере алмайсың, асқар таумен де теңесе алмайсың», «Мұндай жағымсыз қылықтарды Раббың (әсте) жақтырмайды», «Осының бәрі де – Рабыңның саған уахи еткен даналықтары» әрбір мұсылман баласының санасын нұрландырғаны жөн. Пенде топырақтан жаралды, топыраққа айналады деген қағида бекер болмаса керек.

Жер – мәңгілік құдірет, адамдар соның бетіндегі қонақ қана және алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер болып үздіксіз алмасып жатады. Міне, осы тарихқа тұғыр жерден кейінгі құдіретке

«Түркістанда» Қасым, Хакназар, Есім, Тәуке, Абылай, Кенесары хандар аталған. Әсіресе, Абылайға құрметі ерекше. «Батыр Баянда» XVIII ғасыр билеушісі мен Ордасы немесе мемлекеттің астанасы үлкен шабытпен жырланады.

«Қабірінен әулиенің Алашқа артық,
Ертеде Абылайға Орда болған ағаш.

Ордасын сол ағаштағы Абылайдың,

Меккедей тәуеп қылған тамам Алаш», – деген жыр жолдарынан шығатын қорытынды мынада: біріншіден, зайырлылықты діннен жоғары қояды. Мемлекеттің діннен бөлек екенін білдіргені; екіншіден, мемлекеттің астанасын сакралды қала мәртебесімен ұлықтайды. Ақынның идеясын бүгінгі Елордамыз – Астанаға қасиетті қала мәртебесін берумен жүзеге асырсақ, ешкім ұтылмас еді; үшіншіден, халық, билік, билеуші арасындағы бірлік пен ынтымақты азаттық пен ұлттық қауіпсіздіктің негізі ретінде насихаттайды. Бұған тәуелсіздіктің арқасында әсте көзіміз жетіп отыр.

Поэмада 1723 жылғы «Ақтабан шұбырындыдан» бері қазақ қоғамына қауіп-қатер сырттан – Ресейдің, Қытайдың, Жоңғардың тарапынан төнгенін еске салған. Бұл да күмәнсіз шындық. Сол кезде ел қорғаған, жаудың бірін шауып, бірін арбаған Абылайды батыр, дана бейнесінде көрсетеді. Ал қалмаққа соңғы рет ойран салмақ болып, «Аттан!» деген ұран көтергенде Абылай биліктің ұшар шыңындағы хан екенін ауызға алады:

«Ханынан «Аттан!» деген сөз шыққан соң,

Ордаға батыр, билер келді андап», – деген жолдардан кейін жиырмадай би-шешеннің, батырдың есімдері аталып, ерліктері, рутайпалары баяндалады. Бір қызығы, Бұқар жырау да, Ш.Уәлиханов зерттеулерінде де XVIII ғасырдағы әйгілі жиырмаға жуық батырдың есімі мен ісі алға тартылады. «Батыр Баянда»:

Шаң-бұлт, бұлт-шаңға айналған соң,

Атаған ерлер жолын деп: «Шаңды жол», сияқты нақты дерек бар. Қалмақ қоңтайшылары Ұса, Церең аталады. Міне, қазіргі ғылымға мәлім осы екі ақиқатқа сүйеніп, оқиға 1771 жылы орын алған «Шаңды жорық» екенін білеміз. Жазбаша, ауызша деректер, ғалымдар «Шаңды жорықтың» қыста басталып, жаз ауа аяқталғанын, оның барысында Еділден шығып, атақонысына жылжыған 200 мыңға жуық қалмақ-қазақтардан ойсырай жеңіліп, 10-15 пайызы ғана Қытай аумағына өткенін дәйектейді.

Қысқасы, М. Жұмабаев тарихи оқиғаның барысын, нәтижелерін дәлме-дәл жеткізген. Тек бір-екі жерде әдеби-көркем қиялға ерік береді. Біріншісі, «Шаңды жорыққа» жиналған батырлар шоғырында ертеректе дүниеден озған тұлғалар жүр. Айталық, шақшақ Жәнібек XVIII

ғасырдың 50-ші жылдары қайтыс болған. Екіншіден, батыр Баян поэмада айтылғандай ұрыс даласында жау қолынан емес, 50-ші жылдары жорықтан қайтып келе жатқанда жаудың қастандығымен судан уланып, аяқастынан көз жұмады.

Бір суға адам екі қайта кіре алмайтыны тәрізді, өткен тарих та қаз-қалпында қайталанбайды. Сол себепті оның жұмбағы мен құпиясына оймен ғана бойлауға болатынын ақын оқырманның қаперіне салып отырады. Адам факторына басымдық бергенінің бұл да бір белгісі. Тарих із-түзсіз жоғалмайтынын, қайта уақыт пен ұрпақтар дәнекері екенін, оның қойнауында салт-дәстүр, менталитет, ұлттық код қалыптасқанын ерекше жырлайды. Мәселен, батырдың інісі Ноянның қалмақ қызы құрған қармаққа түсуін ақылсыздықтың, екі жасты Баянның өлтіруін ашудың ісі деп тиянақтайды. Дала демократиясы мен әдебі сақталғанда бәрі басқаша өрбір еді. Ноян өз қателігін кеш түсінгенін бекерлемейді:

«Бір күлді балдырғандай Ноян бала,
Ашылған шешек жарып гүлдей жаңа.
Еріксіз сотқарлығын кешіретін,
Еркелеп ерке ұландай күліп қана».

Бірақ батырдың бойын ашу билеп кеткен еді. «Лап етіп сөнген шамдай ақыл өлді».

Ес жинау оңайға түспеді. Таң ата бере, сәуле мен қараңғылық араласқан шақта «жеңіліп қараңғылық жылжып қашты». Екі жаннан айрылған қаралы ер орны толмас қателік жібергенін енді ұғып, аз ғана Уақ елінен, Абылайдан, алты алаштан кешірім сұрайды. Түптеп келгенде, бұл тарихтан сұраған кешірім еді. Осыдан кейін ғана қайғы басқан жер күрсінді, өксіп-өксіп жел жылады, таң да жерге күміс сәуле шашты.

Қорыта айтсақ, М. Жұмабаевтың ұлт тарихына құрметі әрі сындарлы көзқарасы Қорқыт, Абылай, батыр Баян тәрізді тұлғаларымызға ғана емес, төл тарихымызға да мәңгілік ескерткіш сомдауына жетеледі. Атақ-дәреже қуған жоқ, қазынадан қаржы дәметпеді, тіпті шығармаларын алаңсыз жазуға да жағдайы келе бермеді. Ол Қазақстанның ертеңіне сенді, туған халқының алдындағы перзенттік борышын риясыз атқарды.

“Тұранның тарихы бар отты желдей» деп жазған екен М.Жұмабаев. Бұл сөздер бүгіміз үшін де көрегендік һәм кемеңгерлік болып шықты. Мұндағы «Тұранның» құрамдас бөлігі – Қазақстан. «Отты» кеңестік – кара түнектен құтқарған азаттық. «Желдей» ілгері кеткендерге жетіп, ең дамыған елдер қатарына енді көздеген ұлттық жобамыз «Қазақстан – 2050» мен ұлттық идеямыз «Мәңгілік ел». «Бар» сөзінің мағынасы өте терең. «Бәрінен де жоқ жаман» деген ғой халқымыз. Ендеше, халқын жамандықтан қорғаған тілек бұл. Ең соңында айтарымыз: тарихымыз жаңғырмай рухани жаңғырудың елесін қуумен ауа қармаймыз. «Тұранның тарихы» – болашаққа бағдар.